# Жақсы аға – өнегелі ұстаз



Ертеде бір данышпан қария: «Адам ағын су емес, ағын су артына қарай алмайды. Сен адамсың, өзіңнің жүріп өткен жолдарыңа үңіл» деп өсиет еткен екен. Осы орайда аға дос Айтбай Қарамурзин Қонысұлы туралы сөз қозғағым келіп отыр. Айтбай Қонысұлы бүгін мерейлі 63 жасқа толып, өмірдің үлкен белесін бағындырып отыр. Бүгінде ол саналы ғұмырын қоғам игілігіне арнап, өз үлесін қосып келеді. Жастардың еңбексүйгіш, патриоттық рухы асқақ азамат ретінде тәрбиеленуіне ықпал етіп, буыны бекімеген жастан, ақыл тоқтатқан сақа азаматқа дейін ақылшы аға болды, бола да бермек. Қарапайым, мәдениетті, білімді, тиянақты азамат ретінде ортасына сыйлы, қызметте абыройлы болған Айтекең педагогика саласын өркендетумен қатар, өзінің кемшілікті тайсалмай айтатын батыл мінезінің арқасында көпшіліктің мұң-мұқтажының шешілуіне ықпалын тигізді.

Айтбай Қарамурзин 1961 жылы 24 мамырда Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Сағыз селосына қарасты Кенбай елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1982 жылы Кенбай орта мектебіне орналасып, тәрбиеші, мұғалім, 1994-1996 жылдары мектеп жанындағы интернат меңгерушісінен бастап, 1996-2007 жылдар аралығында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2007-2011 жылдары мектеп директоры қызметтерін атқарған. 1998 жылы ҚР мұғалімдерінің I съезіне делегат болып сайланды. Кейінгі жылдары Атырау қаласына қоныс аударып, қаладағы №19 мектепте директор, «Өрлеу» біліктілік арттыру институтында басқарма басшысы, директордың орынбасары қызметтерін атқарды.

Айтекең өзі таңдаған саласы бойынша қызмет жолында адал еңбегі, білім-білігімен, ыждағаттылығымен, жалпы табиғатынан қанына сіңген адами жақсы қасиеттері арасында биікке көтерілген жан. Мамандығын шынайы ықылас, зор сүйіспеншілікпен атқарған жан өзі жетістікке жетіп қана қоймай, өзгелерге де шапағаты тиетіні анық. Айтекең де сондай маңайындағыларға жылу сыйлап, шапағатын тигізіп жүретін азамат деп айтар едім.

Айтекең отбасында да қадірменді отағасы, өнегелі әке. Жары Гүлайыммен бүгінде 4 перзентті тәрбиелеп өсірді. Перзенттері әке тәрбиесін алған парасатты, иманжүзді жандар. Барлығы да жоғары білімді, мемлекеттік салада қызмет етеді.

**Өмірде ізгілік жолынан танбай, әділдікті ту еткен, сөзіне ісі сай, марғасқа азаматтардың бары қуантады. Кейінгі жастар әр басқан қадамы нық, бітім-болмысы кесек,парасат-пайымы терең, берекелі азаматтарды үлгі етіп, осында азаматтарға қарап есейеді. Жұрт сенімін ақтап, өз биігінде абыроймен жүру – үлкен бақыт. Бүгінгі мерейтой иесі Айтбай Қарамурзин де өз мақсатына жеткен, бақытты жан деп есептеймін. Ағамызды 63-ке толған зейнет жасымен құттықтап, деніне саулық, мол қажыр-қайрат, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық, бақ-береке тілейміз. Еңбегіңіз жемісті боп, беделіңіз биіктей берсін!**

**Ізгі тілекпен: әріптес інісі Жайық ТЕМІРБОЛАТОВ** (PR)

# Эхинококкоз (Жылауық құрты дегеніміз не) және оның алдын алу

Эхинококкоз екі клиникалық түрде гидатиозды (бір камералы) және альвиолалы (көп камералы) түрінде байқалатын таспалы гельмент. Адамдар эхинококкозы – ауыр, созылмалы мүгедектікке әкелетін, ал асқынғанда өлімге әкелетін ауру. Бұл ауру барлық елде кездеседі.

Эхинококкоз кішкене дән көлемінен жас туылған баланың бас көлеміне дейін ұлғаятын сұйықтыққа толы дене.

Эхинококк иттің ішінде өмір сүреді. Иттің нәжісімен құрт жұмыртқалары бөлініп иттің жүнінде, суда, топырақта, шөпте және жұғысқан жерлері мен ыдыстары ластанады.

Оның жұмыртқалары қоршаған ортада өмір сүруге өте төзімді. Сумен және шөппен ауылшаруашылығы жануарларының ішіне түседі. Дұрыс қайнамаған шикі ет өнімдерін қолданғанда, лас қол, жуылмаған көкөніс, ашық ластанған су көздерінде және ит арқылы адамның ағзасына түседі. Эхинококкоз адам ағзасының кез келген жерінде өмір сүреді (ми, өкпе, бауыр) Личинкалар эхинококк сұйықтығы толынған шар тәрізді денеге айналады. Осы шар тәрізді дененің ішінде түссіз сұйықтық және құм сияқты эхинококк қоздырғышы болады. Адам эхинококкозбен ауырғанда әртүрлі ауру белгілері байқалады: бауыр зақымданса адамның оң жақ бүйірінің ауыруы, жалпы әлсіздік, өкпе зақымдалса ентігу, өкпе тұсының ауруы, қан түкіру белгілері болады.

Бұл аурудың кең таралу себебі:

– Иттердің жоспарлы түрде дегельминтизацияланбауы;

– Өлген немесе етке сойылған қойлардың және басқа да малдың эхинококк кистасымен зақымданған еттерді итке тастауы;

– Дегельминтация жасаған дәріні бере салысымен иттерді босатып жіберу тәртібі бойынша итті екі байлауда ұстап, ішінен шыққан нәжісті құрттарды өртеу.

Бұл паразитті жұқтырып алмас үшін жеке бас гигиенасын сақтау керек.

– Балаларды итпен тығыз қарым-қатынаста олармен ойнауға жол бермеу, иттерді ұстап немесе жабайы аңның терісін сыпырғаннан кейін қолды мұқият жуу.

– Үй жануарларын уақытымен ветеринарлық клиникаға тексертіп отыру, міндетті түрде дегельминтациялаудан өткізу. Бақшадағы көкөністерді жумай жемеу. Ашық су қоймаларынан қайнатылмаған суды тұтынбау. Ет тағамдарын толық залалсыздандырып барып тұтыну.

Егер де ауру белгілері байқалған болса дәрігер көмегіне жүгіну.

Қарапайым алдын алу шараларын сақтау денсаулықты сақтауға және ауруды болдырмауға көмектеседі. Өмірдің негізі денсаулық, денсаулық негізі тазалық екенін әрқашан жадымызда ұстанған абзал.

**Раушан ЕСЕНҒАЗИЕВА,**
**Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«5A OIL (5А ОИЛ)» ЖШС «Келісімшарттық аумағының А және Е блоктарының қайтарылатын бөліктері бойынша жер қойнауын пайдалану салдарларын жою жобасы бойынша экологиялық бағалау материалдары («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, іс-шаралар жоспары) бойынша ашық отырыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар: 08.07.2024 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 10:30-да Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор к.ә, Доссор кенті, Ғ.Сүлейменов көшесі, 39 үй, «Доссор» мәдениет үйі.

08.07.2024 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсарин қ.ә., Құлсары қаласы, Кең Жылыой Мәдениет үйі.

09.07.2024 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылы, М.Зұлқанов көшесі, 11 үй, орта білім беру мектебінің акт залы.

Ықпал ету аумағы: Атырау облысы Жылыой, Мақат және Қызылқоға аудандары, Келісімшарттық аумақ

Координаттары: Ракуша (скв.№1) N47º04’50.55’’ E52º46’50.95’’, Дангарскв. Г-3 N47º31’25.68’’, E52º40’8.94’, Г-4 N 47º31’52.52’’ E52º40’9.51’’, скв. Г-5 N 47º31’42.81’’ E52º40’9.34’’, скв. Г-10 N 47º31’49.05’’ E52º39’56.30’’№

Интернеттегі байланыс сілтемесі:

https://us06web.zoom.us/j/89263857175?pwd=cK2nRr00x0z4JqqCA97e8jrwiJeHUC.1

Конференция идентификаторы: 892 6385 7175

Кіру коды: 609475

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашы: «5A OIL (5А ОИЛ)» ЖШС, 050027, ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Ақжар ауданы, Береке көшесі, №4 үй, БСН 190940011143, тел.: 87017422811, e-mail: kz.almaty88@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «СК СиА Ойл» ЖШС, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Жаңақоныс тұрғын алабы, Саяхат көшесі, 6 үй, БСН 140140017481, e-mail: gul_shat_k@mail.ru

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru/ Тел.: 8(7122)32-55-09, БСН 050140002850.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсында https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекен-жай бойынша қабылданады atr_priroda@mail.ru және сайтта https://ecoportal.kz/.

# А вирусты гепатиті және оның алдын алу

А вирусты гепатиті – бұл бауырдың зақымдануымен және ағзаның уыттануымен сипатталатын жіті ішек инфекциясы. Қазіргі кезде бұл аурудың қоздырғыштары 5 түрлі вирустар анықталған. Олар: А, В, С, Д, Е вирустары болып табылады. Бұл вирустар бөлме температурасында бірнеше апта, +40С бірнеше ай, - 20С бірнеше жылға дейін сақталады. Ультракүлгін жарықтарға және түрлі дәрілеу құралдарына сезімтал. Қайнатқанда тез бұзылады.

Бүкіл әлемде вирусты гепатит көп тараған ауру болып табылады. Бұған 2 фактор мүмкіндік туғызады, атап айтқанда 1-шіден таралу жолдарының көптігі. Вирустың таралу жолдарына байланысты гепатиттер екі топқа бөлінеді.

Ол тұрмыстық байланыс және тағамдық жолдармен таралатын гепатиттер (А және Е гепатиттер)

Парентеральдық жолмен, яғни қан арқылы (В,С,Д) таралатын гепатит.

Біздің елде жыл сайын вирусты гепатитке 27-30 мыңға жуық адам шалдығады, олардың 85 пайызы гепатиттің А-түріне шалдыққандар құрайды. Ал А-түрімен ауыратындардың ішінде 80 пайыздан астамы балалар. Сондықтан қарым-қатынас арқылы әрі тамақ арқылы жұғатын А гепатиті көбінесе балалар арасында, балабақшада, мектепте жатақханаларда, кісі көп жиналған жерлерде кездеседі. Сонымен қатар гепатиттің бұл түрі мерзімділігімен сипатталады. Біздің аймақта әсіресе күз, қыс айларында бас көтереді. Жұқпа көзі ауырған адам болып табылады, әсіресе ол аурудың бастапқы кезінде яғни терісі, көзі сарғаймай тұрып өте қауіпті. Бұл кезде тым жұқтырғыш болып келеді, сары ауру кезінде оның жұқтырғыштығы төмендейді. А гепатиті адамнан адамға су, тағам және байланыс арқылы жұғады. Яғни жұқпаның жұғу факторлары болып су, тағам, жеке тазалық заттары, ойыншықтар болып табылады. А вирусты гепатитінің жұғуындағы негізгі рөлде «кір қолдар» факторы болып табылады. Аурудан соң өмірлік иммунитет қалыптасады.

Клиника: Ауру ағымы кезеңді: инкубация, сарыауру алды, сарғаю және сауығу кезеңдері.

Инкубация – яғни ағзаға жұқпаның түскен кезінен бастап алғашқы клиникалық белгілердің пайда болуына дейінгі уақыт 7-30 күнге созылуы мүмкін.

Сарыауру кезеңі 3-7 күнге дейін созылады. Ауру жіті басталады, дене қызуы 37-39С дейін көтеріледі. Науқаста әлсіздік, құсу, тәбетінің төмендеуі байқалады. Науқастардың 40-60% тұмау тәрізді басталады. Сондықтан науқастар өз бетімен емделеді, яғни антибиотиктерді және басқа да дәрілерді қабылдайды. Сарыауру алды кезеңінің соңында науқастардың зәрі қарая түседі, көз шырышты қабаты және терілері сарғаяды, яғни сарыауру (өршу) кезеңі басталады. Дене қызуы қалыпқа келеді. Сарғаюға зәрдің қараюына нәжістің ағаруы қосылады. Науқастар дәрігерге көрініп, ауруханаға жатқызылады. Сарыауру кезеңінің ұзақтығы 2 апта. Науқастарды тексергенде олардың бауыры, көк бауырының ұлғайғандығы байқалады. Сауығу кезеңінде науқастың жағдайы жақсарады, сарғаю және басқа да белгілер өше бастайды. Бұл кезеңнің ұзақтығы 1-2 ай болады. Ал кейбір жағдайларда А-гепатиті сарғаймайтын түрде өтеді. Бұл жағдайда диагноз эпидемиологиялық клиникалық және зертханалық мәліметтер бойынша қойылады. Егер науқас уақытылы көмек сұрамаса немесе өз бетімен емделсе гепатит ауыр түрде асқынып кетуі мүмкін.

Алдын алу жолдары: Жұқпа ошағында медициналық бақылау және залалсыздандыру жүргізіледі. Науқаспен байланыста болғандар 35 күнге бейін бақылауда болады. Жұқпаның алдын алу үшін су және азық-түліктерді дұрыс қолдану бойынша эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі. Әр адам өз жеке басының тазалығын ұстау керек. Тамақтанар алдында және дәретханадан кейін қолды сабынмен мұқият жуу керек, ішуге тек қана қайнаған су немесе бөтелкедегі минералды дайын сатылатын суды ішу керек. Әр адамның өз ыдыстары болу керек, сонымен қатар өзін күту мақсатында жеке бас құралдарын пайдалану дұрыс ( тіс щеткасы, сақал алу ұстарасы, төсек орын, сүлгі, бет, қол орамалдары, т.б).

Қазіргі уақытта А гепатитіне қарсы вакцина бар. Вакцинадан соң иммунитет 25 жасқа дейін қалыптасады. Егер де жоғарыда аталған клиникалық сипаттамалардың бірі пайда болса міндетті түрде дәрігерге көріну керек.

**Жанат ЕСКАИРОВА,**
**Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы**

# НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
## «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН ТҰЛҒАСЫ КЕПІЛГЕ САЛЫНҒАН МҮЛІККЕ САУДА-САТТЫҚ ЖҮРГІЗІЛЕТІНІ ТУРАЛЫ ЖАРИЯЛАЙДЫ

**№1 лот.** Lada Granta FL автокөлігі, 2019 жылы шығарылған, шанақ №XWW219020K0585462, тіркеу №874AAE06, түсі – Ақ/White, көлемі – 1 596 текше см.

**Сауда-саттық ағылшын әдіспен (бағаны көтеру) 2024 жылы 11 маусым сағат 09:30-да Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайында орналасқан «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қ. №8 филиалының ғимаратында өтеді.**

**Кепілге салынған мүліктің бастапқы бағасы:** 2 263 000 (екі миллион екі жүз алпыс үш мың) теңге.

**Өзгеру қадамы:** 22 630 (жиырма екі мың алты жүз отыз) теңге

Сауда-саттыққа қатысудың талаптары:

1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш жазып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қ. №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотқа (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) бастапқы бағадан 5%: 113 150 (жүз он үш мың жүз елу) теңге мөлшерінен кем емес кепілдікті жарна аудару қажет.

2. Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2024 жылғы 10 маусым күні сағат 17.00-ге дейін қабылдайды.

3. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, Еуразиялық банк» АҚ Атырау қаласындағы №8 филиалында №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) сауда-саттық болған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

4. Барлық сұрақтар бойынша 09.00-18.00 сағат аралығында Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайы және 87027988270 тел. бойынша Банктің сенімді тұлғасы Акынбаев Асет Аскаровичке хабарласу қажет.

**№2 лот.** Chevrolet Damas DLX автокөлігі, 2022 жылы шығарылған, шанақ №MX1CDABD0NK813849, тіркеу №792ABV06, түсі – Ақ/White, көлемі – 796 текше см.

**Сауда-саттық ағылшын әдіспен (бағаны көтеру) 2024 жылы 11 маусым сағат 10.00-де Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайында орналасқан «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қ. №8 филиалының ғимаратында өтеді.**

**Кепілге салынған мүліктің бастапқы бағасы:** 855 000 (сегіз жүз елу бес мың) теңге.

**Өзгеру қадамы:** 8 550 (сегіз мың бес жүз елу) теңге

Сауда-саттыққа қатысудың талаптары:

1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш жазып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қ. №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотқа (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) бастапқы бағадан 5%: 42 750 (қырық екі мың жеті жүз елу) теңге мөлшерінен кем емес кепілдікті жарна аудару қажет.

2. Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2024 жылғы 10 маусым күні сағат 17.00-ге дейін қабылдайды.

3. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, Еуразиялық банк» АҚ Атырау қаласындағы №8 филиалында №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) сауда-саттық болған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

4. Барлық сұрақтар бойынша 09.00-18.00 сағат аралығында Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайы және 87027988270 тел. бойынша Банктің сенімді тұлғасы Акынбаев Асет Аскаровичке хабарласу қажет.

**№1 лот.** Kia Soul автокөлігі, 2021 жылы шығарылған, шанақ №MX1KUCAHXMK141095, тіркеу №060UKA06, түсі – Жасыл, көлемі – 1 999 текше см.

**Сауда-саттық голландиялық әдіспен (бағаны төмендету) 2024 жылы 14 маусым сағат 09.30-да Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайында орналасқан «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қ. №8 филиалының ғимаратында өтеді.**

**Кепілге салынған мүліктің бастапқы бағасы:** 9 142 000 (тоғыз миллион бір жүз қырық екі мың) теңге.

**Өзгеру қадамы:** 91 420 (тоқсан бір мың төрт жүз жиырма) теңге

Сауда-саттыққа қатысудың талаптары:

5. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш жазып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қ. №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотқа (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) бастапқы бағадан 5%: 457 100 (төрт жүз елу жеті мың жүз) теңге мөлшерінен кем емес кепілдікті жарна аудару қажет.

6. Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2024 жылғы 13 маусым күні сағат 17.00-ге дейін қабылдайды.

7. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, Еуразиялық банк» АҚ Атырау қаласындағы №8 филиалында №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) сауда-саттық болған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

8. Барлық сұрақтар бойынша 09.00-18.00 сағат аралығында Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайы және 87027988270 тел. бойынша Банктің сенімді тұлғасы Акынбаев Асет Аскаровичке хабарласу қажет.

**№2 лот.** Lada Vesta автокөлігі, 2021 жылы шығарылған, шанақ № XTAGFK440NY613815, тіркеу №349AAN06, түсі – Сұр, көлемі – 1 598 текше см.

**Сауда-саттық голландиялық әдіспен (бағаны төмендету) 2024 жылы 14 маусым сағат 10:00-де Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайында орналасқан «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қ. №8 филиалының ғимаратында өтеді.**

**Кепілге салынған мүліктің бастапқы бағасы:** 6 267 000 (алты миллион екі жүз алпыс жеті мың) теңге.

**Өзгеру қадамы:** 62 670 (алпыс екі мың алты жүз жетпіс) теңге

Сауда-саттыққа қатысудың талаптары:

1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш жазып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қ. №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотқа (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) бастапқы бағадан 5%: 313 350 (үш жүз он үш мың үш жүз елу) теңге мөлшерінен кем емес кепілдікті жарна аудару қажет.

2. Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2024 жылғы 13 маусым күні сағат 17.00-ге дейін қабылдайды.

3. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, Еуразиялық банк» АҚ Атырау қаласындағы №8 филиалында №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) сауда-саттық болған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

4. Барлық сұрақтар бойынша 09.00-18.00 сағат аралығында Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайы және 87027988270 тел. бойынша Банктің сенімді тұлғасы Акынбаев Асет Аскаровичке хабарласу қажет.

**№3 лот.** Kia Rio автокөлігі, 2013 жылы шығарылған, шанақ № Z94CB41BBDR13582, тіркеу №789ABM06, түсі – Ақ, көлемі – 1 591 текше см.

**Сауда-саттық голландиялық әдіспен (бағаны төмендету) 2024 жылы 14 маусым сағат 10.30-де Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекенжайында орналасқан «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қ. №8 филиалының ғимаратында өтеді.**

**Кепілге салынған мүліктің бастапқы бағасы:** 4 041 000 (төрт миллион қырық бір мың) теңге.

**Өзгеру қадамы:** 40 410 (қырық мың төрт жүз он) теңге

Сауда-саттыққа қатысудың талаптары:

1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш жазып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қ. №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотқа (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) бастапқы бағадан 5%: 202 050 (екі жүз екі мың елу) теңге мөлшерінен кем емес кепілдікті жарна аудару қажет.

2. Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2024 жылғы 13 маусым күні сағат 17.00-ге дейін қабылдайды.

3. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, Еуразиялық банк» АҚ Атырау қаласындағы №8 филиалында №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) сауда-саттық болған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

4. Барлық сұрақтар бойынша 09.00-18.00 сағат аралығында Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайы және 87027988270 тел. бойынша Банктің сенімді тұлғасы Акынбаев Асет Аскаровичке хабарласу қажет.

**№4 лот.** Lada Largus автокөлігі, 2019 жылы шығарылған, шанақ № XWWRS045LL1262577, тіркеу №754LKA06, түсі – Қара, көлемі – 1 596 текше см.

**Сауда-саттық голландиялық әдіспен (бағаны төмендету) 2024 жылы 14 маусым сағат 11.00-де Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайында орналасқан «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қ. №8 филиалының ғимаратында өтеді.**

**Кепілге салынған мүліктің бастапқы бағасы:** 3 481 000 (үш миллион төрт жүз сексен бір мың) теңге.

**Өзгеру қадамы:** 34 810 (отыз төрт мың сегіз жүз он) теңге

Сауда-саттыққа қатысудың талаптары:

1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш жазып, «Еуразиялық банк» АҚ Атырау қ. №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотқа (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) бастапқы бағадан 5%: 174 050 (бір жүз жетпіс төрт мың елу) теңге мөлшерінен кем емес кепілдікті жарна аудару қажет.

2. Сауда-саттыққа қатысу туралы өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2024 жылғы 13 маусым күні сағат 17.00-ге дейін қабылдайды.

3. Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, Еуразиялық банк» АҚ Атырау қаласындағы №8 филиалында №KZ4194800KZT28600309 шотына (БСК – EURIKZKA, БСН – 050241002552) сауда-саттық болған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

4. Барлық сұрақтар бойынша 09.00-18.00 сағат аралығында Атырау қ., Азаттық д-лы 66, «Рембыттехника» ғимараты мекен-жайы және 87027988270 тел. бойынша Банктің сенімді тұлғасы Акынбаев Асет Аскаровичке хабарласу қажет.